



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 24/50
17 маусым



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Медицина қызметкерлері күні

«АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР»



Маусым айының 16-жұлдызында қаламыздағы «Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығының ғимаратындағы концерт залында «Ақ халатты абзал жандар» атты медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Аталған жиынды көпшілікке танымал өнер иелері Ардақ Ахатаева мен Нұрсұлтан Сейдікәрім жүргізді. Салтанатты жиынның сахнасы «Бегімай» би тобының «Қазақ» биімен ашылды. Елімізде маусымның әр үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің күні. Осы атаулы мерекеде адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетіліп, еңбектері ерекше еленеді. Ойланып қарасақ, күллі байлықтың жиынтығы не ақша, не болмаса таудай үйілген алтын-күміс емес, деннің саулығы ғана. Сол себептен, басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса ем іздеп, бәріміз алдына баратын дәрігерлер қауымының қоғамдағы орны ерекше. Олардың әр еңбегін бағалап отыру, оларға деген құрметімізді көрсетеді. Медицина қызметкерлерінің еңбектері қандай марапатқа болса да лайық. Ақ

халатты абзал жандар да аянбай тер төгіп, әр адамның өмірі үшін қолдан келгенін аянар емес. Жиын залына қала азаматтарының денсаулығы мен өмірі үшін аянбай еңбек ететін, бірнеше мекеменің медицина қызметкерлері жиналды. Атап айтқанда, өмірге деген құлшынысын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалаған Приозерск қалалық орталық ауруханасының қызметкерлері, Ресей федерациясы Қарулы Күштері 254 әскери ұжымы, өз ісінің шеберлері, 06708 әскери бөлімінің медицина қызметкерлері, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешенінің, Приозерск

қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының, және Приозерск қалалық «Ұлттық сараптау орталығы» қызметкерлері жиналды. Бұл атаулы мерекеге жиналған, барлық ғұмырын алғысқа лайықты іске арнап, адамзат баласының өмірі мен денсаулығына қамқор болған жандардың еңбектері еленетін күн. Бұл күні Республиканың түкпір-түкпірінде дәрігерлер қауымына ерекше құрмет көрсетіліп, білікті мамандар алғыс хаттарымен марапатталып, жылы лебіздер айтылатын дата. сондықтан арнайы құттықтау сөз қала әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбековке берілді. Медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірген қала әкімі төмендегі аты-жөні аталған жандарға медицина қызметкерлерінің күніне орай адал еңбегі және Денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасын табыстады, олар: «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешенінің медбикесі Санимай Халжанқызы Бекмұратова, Приозерск қаласы орталық ауруханасының лаборант дәрігері Марат Леспекұлы Тыналиев және ҚР ҚК 06708 әскери бөлімі медициналық ротасының медбикесі Даметкен Төлегенқызы Аринова. Марапатталғандар құрметіне

жетандай әнші Айғанша Болысова «Қазағым» әнін арнады.

Марапаттауды жалғастыру үшін сахнаға қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейскеев шақырылды. Ол жеке кәсіпкер, «Жанэтта М» тіс жөндеу шеберханасының иесі Назгул Оразқызы Тергеуованы, Приозерск қаласы ұлттық сараптама орталығының зертханашысы Нағима Қырымқызы Купяшарованы, РФ ҚК 454 әскери госпиталінің дәрігер анестезиолог-рениматологі Головки Гузаль Рашидовнаны, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының фельдшері Дариха Маратқызы Рашева Бакешованы және ҚР ҚК 06708 ә/б әскери ротасының медбикесі Айгуль Умбетказиевнаны қала әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Оларға белгілі әнші Әсел Құрбанбаеваның «Қазақ вальсі» әні тарту етілді.

Медицина қызметкерлерінің күні қарсаңында Приозерск қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысып, денсаулық саласына қосқан үлесі үшін Приозерск қалалық мәслихатының Құрмет грамотасымен орталық аурухана медбикесі Салтанат Науанқызы Джилкибаева, психиатор-нарколог дәрігер Қабылғазы Көшербайұлы Көшербаев, мәслихаттың Алғыс хатымен орталық аурухана фельдшері Роза Қуанышқызы Есмаханбетова, медбике Назира Рыспайқызы Қайрақпаева марапатталды.

Ақ халатты абзал жандарға арнап Нұрсұлтан Сейдікәрім, Елена Быкович, Мерей Тұрсынбековтер де ән шырқады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ Н. Р. ЛАМБЕКОВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗЕДІ

АКИМ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ЛАМБЕКОВ Н.Р. ВСТРЕТИТСЯ С ЖИТЕЛЯМИ И ПРОВЕДЕТ ЛИЧНЫЙ ПРИЕМ



Приозерск қаласының әкімі Н.Р.Ламбеков 2023 жылдың 30 маусым күні сағат 16.00-де тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді. Кездесу орны «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы. Халықтан сұрақтармен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Анықтама үшін телефон (8-71039)5-30-06. Электрондық пошта мекенжайы: Prio_akimat@krg.gov.kz

Аким города Приозерск Ламбеков Н.Р. 30 июня 2023 года в 16.00 ч. встретится с жителями и проведет личный прием. Место встречи ЦДЮТ «Достық». Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа. Телефон для справок (8-71039)5-30-06. Адрес электронной почты: Prio_akimat@krg.gov.kz

«ҚАЗАҚСТАН – КОНФЕССИЯ АРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІКТІҢ БЕСІГІ»

Қазақтың «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген қанатты сөзі татулық пен бауырластықтың айғағы секілді. Болашақтың бірліксіз болмайтынын болжай білген бабаларымыз осы қағиданы басты бағыт етіп ұстағаны анық. Ол атадан балаға мұра болып, әлі де жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңда бір шаңырақтың астында 150-ден астам ұлт пен ұлыстың тату-тәтті өмір сүріп келе жатыр. Жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды. Сондықтан да қазақ халқының қонақжайлығын, қарапайымдылығын ерекше бағалайды. Тәуелсіз елімізде барша қазақстандықтарды біріктіріп, ел болашағының іргетасын қалауда тарих, мәдениет, дін және тілдің атқарған ролі орасан зор болғанын бәріміз білеміз. Халықаралық қатынастар айтарлықтай дағдарысты бастан кешіп отыр. Осындай күрделі жағдайда елімізде берекелі тірліктің орнауы, ең бірінші ауызбіршіліктің арқасы деп білеміз. Мұндайда, қазақ халқында айтылатын әдемі мақал бар. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді. Міне, сондықтан кең-байтақ қазақ даласында орнаған татулықты мәңгі ұстап тұруға өзге ұлт пен дін өкілдерінің қосар үлесі де зор. Қазақстан ел ішінде

тұрақтылық пен келісімді сақтауда, әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтардың жалпыұлттық бірлігін нығайтуда діннің маңызды рөл атқаратынын, түрлі діндер мен конфессиялардың бірге өмір сүре алатынын және толық өзара түсіністік пен сыйластық негізінде үйлесімді дами алатынын әлемге айқын танытып келеді. Қазақстан көпэтносты және көпконфессиялы тәуелсіз мемлекет ретінде мемлекеттік билік органдары мен діни бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынастың өзіндік үлгісі мен тәртібін қалыптастыруда. Қазақ халқының сыйластыққа негізделген тарихи тәжірибесі, мейірімділігі мен төзімділігі, осы құндылықтарға негізделген салиқалы ұлт саясаты еліміздің тұрақты дамуына негіз болып отыр. Әлемдегі елдердің басым көпшілігі көпұлтты болғандықтан, әр түрлі этностардың басын қосу, мемлекеттің тұтастығын сақтау – оның мәдениеттілігінің басты белгісі. Біз қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы ауызбіршілікті, ағайын арасындағы сыйластықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігін көздің қарашығындай сақтауды келер ұрпақтарға аманат етіп қалдыруға тиіспіз.

Тельтаева Г.О.

Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының дін маманы

ҚАЗАҚ МЕДИЦИНАСЫ: ЖЕТІСТІГІ МЕН КЕМ ТҰСЫ

Денсаулық сақтау жүйесі – қоғамның әлеуметтік өмірінің ең маңызды саласы. Елімізде денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін жыл сайын орасан зор қаржы бөлініп, жекеменшік секторды қоса отырып қаржыландыру мен басқарудың жаңа әрістері енгізіліп жатыр, дәрігерлерді оқыту мен олардың біліктілігін арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасып келеді. Алайда отандық медицина саласының ақсап жатқан тұстары да жоқ емес. Тәуелсіздіктің 30 жылдығынан асқан мерзімде қазақ медицинасы қандай жетістікке жетті, қандай кемшілікке жол берді және болашағын қандай үміт күттіреді деген сауалдар әрадамның көкейінде жүргені даусыз...

Адамның жасымен қарасақ, 30 жыл көп уақыт емес, ал күтсең ұзақ мерзім. Осы жылдар арасында отандық медицина саласында біршама оң өзгерістер болды. Тәуелсіздігімізді жариялай отырып шетелмен бұрынғы қарым-қатынасымыз үзілді. Шетелмен байланыс қайта жанданғанша медицина саласы дәрі-дәрмек тапшылығына ұшырады, бұл уақытта диагностика жасайтын құралдардың көбісі көнерген еді. Тіпті дәріні базардан сатып алатын жағдайға жеттік. Өйткені дәрі қат кезде кейбір адамдар үйіндегі артық дәрілерін базарда бір түйірлеп сатты. Ал дәрі-дәрмекті далаға шығаруға, күннің көзіне қоюға болмайды, оны сақтаудың өзінің ережесі бар. Одан бөлек медицина қызметкерлері жарты жылдап жалақысын ала алмаған кездер болды. Осы жылдары Денсаулық сақтау министрлігі жабылып, комитет деңгейіне дейін түсіп кетті. Қайбір жылы білім беру, спорт, денсаулық сақтау сынды 7-8 министрлік бірікті. 1998-жылы «Қазақстан –2030» бағдарламасы қабылданғаннан кейін Денсаулық сақтау министрлігі агенттік болып, кейін қайта министрлікке айналды. Аталған бағдарлама аясында медицина саласы алға жылжып дами бастады. Алғаш осы стратегияны оқыған кезде «бұған біз жетеміз ба, жоқ па?» деп ойлайтынмын. Қазір қарасаң бағдарламаның 70 пайызы орындалып қойыпты.

Отандық медицинаны дамытуда осыған дейін бірнеше бағдарлама қабылданды. Ең алғашқы бағдарлама – бесжылдыққа арналған «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы. Содан кейін «Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Саламатты Қазақстан», «Денсаулық» және қазіргі таңда «Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі таңда медицина саласына бөлініп жатқан қаржы ЖІӨ-нің 4 пайызына тең, бұл әрине аздау. Болашақта денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаражат көлемін 6 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Жалпы, ел астанасының Алатаудан Сарыарқа төсіне көшуі қазақстандықтардың әрбірінің өміріне әсер етті, адамдарға ерекше серпін берді. Әсіресе медицина бойынша астана дамудың локомативі болды. Елорда төрінен Ұлттық ғылыми медициналық орталық, Ұлттық медициналық холдинг бой көтерді. Оның құрамына Республикалық диагностикалық орталық, Ұлттық ғылыми ана мен бала денсаулығы орталығы, Ұлттық нейрохирургия орталығы, Ұлттық балалар оңалту орталығы, Ұлттық ғылыми онкология орталығы еніп, орталықтар соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталып, жаңа технологиялар еліміздің түкпір-түкпіріне тарай бастады. Тәуелсіздік алған кезде Алматыда бір ғана кардиохирургиялық орталық болса, қазір әр облыста бар. Мұның нәтижесі – асқынған инфарктің бір тәуліктегі өлімі 67 пайызға дейін азайды. Кардиохирургиялық операция жасау бойынша еліміз дамудың биік шыңына жетті. 30 жылдың ішінде жүректі алмастыратын болдық. Туберкулезді ауыздықтадық деп айтуға болады. Бірінші туберкулездің диагностикалық жағы күшейді, екінші науқастарға арналып стационарлар салынды. Туберкулезді емдеуге байланысты жаңа тәсілдер қолданылды. Қазір елімізде туберкулездің асқынған түрімен ауыратындар саны мен өлім саны азайды. Кезінде туберкулезбен ауырғандарға арнап салынған ғимараттар қазір басқа мақсатқа қызмет етіп жатыр.

2012-жылдан бастап елімізде трансплантология саласы өте қарқынды дамыды. Қазір біз трансплантология бойынша көп елмен тереңірек тең дәрежеде тұрмыз. Біз бүгінде бауырдың, өкпенің, бүйректің және жүректің трансплантациясын жасаймыз. Қазақстан әлем бойынша алғаш рет адамның ұрығынан алынған жасушаны ары қарай өсірумен айналысты. Мұндай жасуша технологиясы арқылы кейбір ауру түрлерін емдеуге болады. Олардың қатарына бүйрек, бауыр, қалқанша безі, шеміршек пен адамның жүйке жүйесі ауруларын жатқызамыз. Бұл бағытта жақында менің бір топ әріптестерім Қазақстанның мемлекеттік сыйлығын алды.

«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы отандық медицина саласын дамытуға айрықша үлес қосты. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында аудан орталығына дейін жаңа ауруханалар салынды. Кешегі пандемия жағдайында сол ауруханалар науқастарға ем жүргізетін орталыққа айналды. Амбулаториялық көмекті ары қарай дамыту мақсатында көптеген емхана, диспансер салынды. Денсаулық сақтау жүйесіндегі қазіргі таңда дамып келе жатқан – МӘМС жүйесі. Дамыған елдерде адамның денсаулығына бөлінетін қаражат 3 жерден: мемлекет тарапынан, жұмыс беруші тарапынан және жұмыс істейтін адамнан алынады. Мінеки, осы үшеуін қосқанда біраз қаражат жиналады, сәйкесінше адамға сапалы медициналық көмек көрсетуге болады. Пандемия кезінде ауруханада науқастарға жататын орын болмады, осы кезде жаңа стационарлар шұғыл салынды. Науқастардың дәрі-дәрмегі, медицина қызметкерлеріне беретін жалақысы, үстемәкысы бар, соның бәрі осы қордан алынды. Қор болмағанда біз қиналып қалатын едік. Мұндай қоры жоқ көршілеріміздің қиналып қалғанын көзіміз көрді. Бұл жүйені ары қарай да дамыта берсек, түсетін қаражат мөлшері де арта бермек.

Бүгінде отандық медицина саласы оңалту шараларына бағымдык бере бастады. Еліміздің әр өңірінде шипажайлар, емдеу-сауықтыру орындары, оңалту орталықтары салынып жатыр. Бір айта кетерлігі, денсаулық сақтау саласына мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаражат жеткілікті. Басқа елдердің пандемия кезінде өзінің халқына үлкен көмек көрсетіп жатқанын көріп тұрған жоқпын. Мысалы, халықты вакцинациялауға министр 15 млрд теңге бөлінгенін хабарлады. Бұл қаражатқа жыл соңына дейін 6 млн адамға тегін екпе жасалады деді. Вакцина демекші, бұл бағытта да еліміздің ғалымдары өз ізденістерін паш етті. Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында 3 вакцинамыз тіркелді. Соның ішінде біреуі клиникалық зерттеудің үшінші сатысына өтті. Бұл отандық ғалымдардың бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді. Тіпті кейбір дамыған елдердің әлі өз вакцинасы жоқ. Түркияның өзі Қытайдың вакцинасын сатып алып жатыр.

*Қайырғали КӨНЕЕВ,
медицина ғылымдарының кандидаты, невропатолог.*

СҮЙІНШІ ЖАҢАЛЫҚ!!!



Жерлесіміз, заң саласының ардагері, Сайлау қажы Смағұлұлы Қарабековтің «Bilim orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өтетін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» атты республикалық байқауының жеңімпазы атанғанын, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» атты энциклопедияға есімі енгенін, мемлекет басшысы Қасым-

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде 1955-жылы 1-қаңтарда дүниеге келген Сайлау Смағұлұлы Қарабеков қарапайым еңбек адамы - қойшы отбасында өсіп-жетілді. Ол, 1961-1969-жылдар аралығында Жаңаарқа ауданының Ортау совхозындағы сегізжылдық мектепті аяқтағасын 1969-1971-жылдары осы ауданның Атасу кентіндегі Н.К.Крупская атындағы орта мектепте орта білім алады. Орта білім



Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «ЖАҢА ҚАЗАСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты Қазақстан халқына Жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ» атты республикалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанған Қарабеков Сайлау Смағұлұлы марапатталады деген І дәрежелі диплом табысталғаны және омырауына осы аталымның төсбелгісін таққаны туралы сүйінші жаңалықты Приозерск қаласының тұрғындарына «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің редакциясы арқылы жеткізуді жөн көрдік. Төменде энциклопедияға енген кейіпкеріміз туралы жазбаны сол күйінде жариялаймыз!

алысымен еңбек жолын бастап кеткен ол әке соқпағымен жүріп, осы аталған Ортау совхозында қойшы болып еңбекке араласқан, кейіннен осы шаруашылықта тракторшы, жүргізуші болып істеді. Ол кездің жастары кітапқұмар, газет-журналдарды үздей оқитын, білімге құмар жандар болғаны белгілі. Сайлау Смағұлұлы Қарабековте саяси білімін жетілдіре жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан және ұйымдастыру қабілетінің арқасында комсомол ұйымын басқарады. Жастардың жетекшісі ретінде көптеген ісшаралар ұйымдастырып, замандастарын жақсылыққа, еңбекке, адалдыққа үндеді. Отан алдындағы борышын өтеу мақсатында 1973-1975-жылдары Кеңес Әскері қатарында қызмет етіп қайтқан.

Еңбек ете жүріп, жоғарғы білім алуды жадынан шығармаған ол, 1975-1981-жылдар аралығында Алматы қаласындағы Киров атындағы (бүгінде Эль-Фараби) ұлттық мемлекеттік университеті заң факультетінің сыртқы бөлімінде оқып білім алған. Бұдан әрі Сайлау Смағұлұлының мағыналы ғұмыр жолының екінші кезені басталып кете барған. 1978-2002-жылдар аралығында еліміздің прокуратура органдарында қызмет атқарып, осы салаға елеулі еңбегін сіңірді. Қарағанды облысының Ақадыр ауданының прокуратурасында тергеуші, прокурордың көмекшісі, орынбасары, Ақтоғай, Ақадыр аудандарының, Приозерск қаласының прокуроры және Балқаш табиғат қорғау прокуроры, Қарағанды облыстық прокуратурасы басқармасының аға прокуроры бола жүріп, қоғамдағы адам құқығын қорғау, заңдылықтың салтанат құруы жолында барынша тиянақты қызметтер жасады. Осы жылдар арасында комсомол және партия саласында жауапты қызметтер атқарды. Атап айтқанда 1980-1983-жылдары Ақадыр аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1984-1986-жылдары Жезқазған облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 2002-жылдың 7-мамырынан бастап «Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңының» 28-бабына сәйкес, көп жылдық сіңірген еңбегі үшін зейнеткерлікке шығып, 2003-жылғы 24-қаңтардан бергі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағанды облысы нотариалдық палатасының мүшесі, Приозерск қаласының жекеше нотариусы болып халыққа қызмет етіп келеді. Әділет кеңесшісі. Сайлау Смағұлұлының қызмет бабындағы қол жеткізген жетістіктері мен марапаттарын есептейтін болсақ, бірнеше параққа жүк болардай. Дегенмен, алған марапаттарының бірнешеуін айтып өтейік: 1979-жылы «Жастар тәрбиесіндегі белсенді қызметі үшін», 1981-85жылдары Қазақстан ЛКЖО тарапынан жастар тәрбиесіндегі үлкен үлесі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған, «Еңбек кітапшасының» марапаттар беттерінде дәл осындай марапаттардың тағы он төрті жазылып тұр. Оның бәрін тізбелеп жату артық. Сайлау Смағұлұлының зейнетке шыққасын да назардан тыс қалмаған. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы нотариатының дамуы мен нығаюына қосқан үлесі үшін және нотариус мамандығының қоғамдағы маңыздылығы мен беделін арттыру мақсатында атқарған мінсіз көп жылдық еңбегі үшін Қазақстан Республикасы нотариаттар палатасының Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан заңгерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының марапат грамоталарымен және Қарағанды облысының нотариаттық палатасының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қаланың

қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек пен шығармашылық үлестері үшін Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихатының «Құрмет Грамотасымен» және Приозерск қаласы әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталған. Қазақстан Республикасы прокуратурасына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы прокуратурасына 25 жыл», «Қазақстан Республикасы нотариатына 25 жыл» мерекелік медалдарін омырауына тағыпты. 04.12.2019ж. «Қазақстанның заңгерлер одағы» РҚБ орталық кеңесінің шешімімен Сайлау Смағұлұлы Қарабековке «Қазақстанның Құрметті заңгері» атағы берілген. Ал, 2021 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Сайлау Смағұлұлы Қарабековке «Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы» атағы берілген. Еткен еңбек пен қызметтің ескерусіз қалмайтыны осы марапаттаулардан белгілі болса керек. Жұбайы Дариға Жақсыбайқызы Қарабекова бухгалтерия саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған қазір зейнеткерлікте, сегіз баланың анасы «Алтын алқа» иегері. Жолдасы Қарабеков Сайлау Смағұлұлы екеуі балаларына тағылымды тәрбие, тиянақты білім беруге тырысқан. Тұңғыш қызы, Гүлнәр Қарағанды қаласындағы есеп-қаржы техникумын бітірген, бүгінде жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Ұлы Омар Қазақстан Ресей университетінің заң факультетінде оқып, бітірген. Құқық қорғау органдары мен заң саласында еңбек жолын бастаған бүгінде нотариустік рұқсатнама алып, әкесінің көмекшісі болып жұмыс жасауда. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алған Гүлмирасы бүгінгі таңда Астана қаласында мектеп мұғалімі. Қарағанды Экономикалық университетін «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдаған Индира болса «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың менеджері болып қызмет етіп жүр. Айнұры «Болашақ» Қарағанды университетін «Заңгер» мамандығы бойынша бітіріп, қазір сот саласында қызмет атқарады. Сандуғаш Қарағанды Экономикалық университетінің заң факультетін бітірген. Ұлдың кенжесі Ақжол ҚР ІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Заң академиясын аяқтап, осы күні Қарағанды облыстық прокуратурасы басқармасының прокуроры. Кенже қызы Қымбат «Болашақ» Қарағанды университетінің бітіргеннен соң кәсіпкерлікпен айналысуды жөн санапты. Міне, қарап отырсақ, Сайлау Смағұлұлы балаларының бәріне бірдей арнайы, жоғары білім алуына жағдай жасап, өмірден өз орындарын табуларына бағыт-бағдар бере білген.

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

АДАЛ ЕҢБЕК – АР ТАЗАЛЫҒЫ

Адамзат тарих сахынасына шыққан ғасырлар үрдісінде ақыл-ойдың талай-талай тамаша үлгілерін жасады. Алайда, өркениет өріне шыққан адамзаттың «тамырына балта шаба алмай» отырған бір кеселі – «сыбайлас жемқорлық» атты індет. Бүгінгі таңдағы мәліметтерге жүгінер болсақ, әлемдік жемқорлар рейтингінде зерттеу жүргізілген дерек бойынша Қазақстан алдыңғы қатардан орын алғанын көруге болады. Жемқорлық пен парақорлық мемлекет пен халық үшін ең маңызды салалардан саналатын денсаулық және білім саласында да енгенін көріп, жағамызды ұстамауға шарамыз жоқ. Елдің өз денсаулығын, балаларының болашағын сеніп тапсыратын аталған салалардың жең ұшынан жалғасып, парақорлыққа баруы – өте қорқынышты жағдай. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдаудың жетінші бөлімінде «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және оны іске асыруды жалғастыру», - деп атап көрсетілуі еліміздің әрбір азаматына жауапкершілікті жүктей отырып, бүкіл қоғамның күш-жігерін жемқорлыққа ымырасыз қарсы тұруға, оның пайда болу себептерін жоюға бағыттайды.

Денсаулығы нашар, білімі таяз ұрпақтан болашақта қандай нәтиже күтуге болады? Еліміздегі жемқорлық пен парақорлық жайлы есітіп, көріп өскен баладан ертең қандай адам өсіп-жетіледі?.. Сонымен қатар еліміздің болашағы жастарды тәрбиелеуде ұстаздарымыздың рөлі ерекше. Әрбір баланың бойынан патриоттық сезімді оята отырып, оларды адал еңбек етуге баулу, біреудің еңбегін пайдаланбауға, кісінің ала жібін аттамауға, ұрлық жасамауға, бөтеннің ақысын жемеуге тәрбиелеу – ұстаздардың ғана емес, қоғамның, яғни біздің басты мұра-мақсатымыз болуы тиіс. Сондықтан мектептен бастап аталған жаман әдетерден аулақ болуға үндейтін «Жемқорлық індет – оны жою міндет», «Адал еңбек – ар тазалығы», «Өз еңбегіңмен – өмір сүр» атты пікірталас, дөңгелек үстел, конференция сабақтары секілді ішараларды өткізіп тұрудың маңызы зор. Оқушыларға қазақтың өткен тарихы, ұлттық құндылықтары, даналық сөздері және Төле би, Қазбек би, Әйтеке би сынды даналарымыздың халықты бірлікке, әділ шешімге, әділеттілік жаршысы болуға шақырған өсиет, нақыл сөздерін насихаттау, оқып-үйрету ұстаздар қауымының һәм бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі парыз. Халқымыздың өнегелі өмір жолын, дамып,

өркендеуімізге аянбай үлес қосқан адал перзенттерін үлгі етіп, еңбектерін паш ету болашақ ұрпақты әділдікке, тура жолмен жүруге тәрбиелейді.

Сонымен қатар оқушылардың материалдық байлыққа құмартпауын, сырты жылтырақ, іші қалтырақ дүниеге елітпеуін назарда ұстау керек сияқты. Олардың арасында әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу мақсатында бірыңғай мектеп формасын кию, ұялы телефондар ұстамау, қымбат киімдерге әуестенбеу бағыттарын қадағалап, бос уақыттарын қосымша білім беру мекемелеріне, пәндік үйірмелерге, кітапханаларға баруын ұйымдастыру рухани тұлғаны дамытуға, зиянды әрекеттен аулақ болуға, қоғамның дамуына өз үлесін адал қосуға тәрбиелейтіні анық. Оқушылардың мектеп жасынан бастап өз құқықтары мен міндеттерін біліп, сезініп, жадында ұстап тәрбиеленуі – болашақта өз жауапкершіліктерін сезінуге, дамытуға бастайтын жол. Осы орайда әр оқушының сыныптағы, мектептегі қоғамдық жұмыстарды адал атқаруға, уақытында орындауға бағытталған ішараларды мазмұнды, жүйелі түрде ұйымдастырылғаны жөн. Бұл бағытта оқушылар ұйымы және жас ұландар ұйымының жарғыларын, жоспарларын басшылыққа алып жұмыс алып бару маңызды рөл атқарады. Міне, мұндай жұмыстар нәтижелі ұйымдастырылса, баланың өсіп-өркендеу сатысында сыбайлас жемқорлықтан аулақ болуға, адал еңбектің дәмін татуға өз септігін тигізетіні сөзсіз.

Сөзімізді қорытындылай келе, жемқорлық – қоғамға келтіретін зияны, қауіп жағынан экстримизмнен еш кем емес жау. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға күш салу, күресу баршамыздың парызымыз. «Еңбектің наны тәтті» - дегендей, адал еңбекпен табысқа жету, адал еңбекпен елдің экономикасын дамытуға, ата-бабамыздан мұра болып қалған құнарлы жер байлығын сақтауға, дамыған елдердің қатарына кіруге, тура жолмен еңбек етіп, күш салу барлығымыздың еншіміздегі жауапты іс болмақ. Оған қоса болашақ буынды осындай лас та жиіркеншіткі әрекеттерден сақтандыру, аулақтату мақсатында түсінік жұмыстары балабақшадан, мектептен бастап үгіт-насихат жұмыстарын жандандырған абзал. Ендеше, сыбайлас жемқорлықтан аулақ болып, адал еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытып, әлемдік бәсекелестікке шығу – қоғам дамуының алғышарты деп ойлаймыз. Адал еңбек – ар тазалығының кепілі!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ДОБРОЦЕН

МАГАЗИН НИЗКИХ ЦЕН

Период действия цен
23.06.23-28.06.23



370

КРУПА
ГРЕЧНЕВАЯ
1кг

ОТКРЫТИЕ
23
ИЮНЯ

присоединяйся к нашей группе в ВКонтакте
vk.com/dobrotsen_priozersk





668

МАСЛО
ПОДСОЛНЕЧНОЕ
Царь, 1л

Изображение товара может отличаться от реального внешнего вида товара. Акция действует при условии наличия товара в магазине. Количество товара ограничено. Цены указаны в тенге.



1052

КОЛБАСА
ВАРЕНАЯ
Застольная, 1кг

г. Приозерск, ул. Космонавтов, ст-е 5/2
РЕЖИМ РАБОТЫ: 09:00 - 21:00 / WWW.DOBROTSEN.RU

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОРГАНДАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқықтық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмыстарын жүйелі жүргізуге серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуға жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Жекелеп алғанда Қазақстанның қаржы саласы бойынша Қазынашылық комитеті мен барлық мемлекеттік мекемелердің «Қазынашылық-клиент» интегралды ақпараттық жүйеге өтуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытқа дейін «Қазынашылық – клиент» жаңа ақпараттық жүйесіне мемлекеттік мекемелер толықтай 100 пайызға көшіп жұмыс атқарып отыр. Мемлекеттік мекемелердің есепшілерімен Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының мамандары арасында қарым-қатынастар азайып отыр, бұл да жемқорлық фактілерінің болдырмау мақсаттарының бірі деп айта кетуге болады.

Және де ара қашықтықта қызмет көрсету арқасында қазынашылық органдарының жұмыс сапасы жоғары-

лап, қайтарымдар саны азайып, мемлекеттік мекемелердің қағаз, уақыт және көліктік шығындары қысқарды.

«Қазынашылық-клиент» жүйесін енгізу қаржы құжаттарын қабылдау, өңдеу, орындау және қайтару рәсімдерінің айқындығын жоғарылатады.

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқытулар тұрақты түрде өткізіліп отырады. Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналыстырылып, сенім телефоны (телефон нөмірі 8(71039) 5-20-45) қызмет жасауда.

Қалалық қазынашылық басқармасында жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті, кәсіби даярлықты және білім деңгейін үнемі көтермелеуді талап етеді. Барлық мемлекеттік қызметшілер жыл сайын салық басқармасына тапсыратын декларацияларын белгіленген уақытта тапсырып отырады. Қазынашылық басқармасында мамандардың кәсіби деңгейлерін арттыру мақсатында тиісті нормативтік құқықтық актілерді, оларға келген өзгерістер мен қосымшаларды оқу жұмыстарына алға қойылған. Барлық қызметшілер біліктіліктерін көтеру курстарынан өткен. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің гүлдену жолында өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Приозерск ҚҚБ басшысы
С.С. Баймаганбетов

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №24/50, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.